



Жас ақынға құрмет көрсетті

Қызылорда қаласында ақын Жарасқан Әбдірашовтың туғанына 75 жыл толуына орай өткен «Көктем нұры» атты республикалық оқушылар айтысынан қаламыздағы А. Құнанбаев атындағы №6 мектеп – гимназиясының 7 сынып оқушысы Нұрислам Рағатов жүлделі 2 -орынды жеңіп алған болатын.

Қала әкімі Әмірхан АСАНОВ жас ақынды жеңісімен құттықтап, болашақта айтыс сынды ұлы өнеріміздің биігінде самғауға тілек білдірді. Ақ

тілегін арнай отырып, алғыс хаты мен арнайы сыйлығын да (смартфон) табыс етті.

Еске сала кетейік, өткен наурыз айының соңында қаламызда «Жас тұлпар» аталатын дәстүрлі облыстық оқушылар айтысы өткені болатын. Торғай өңірінен шыққан сұңғыла ақын Нұрхан Ахметбеков атамыздың 120 жылдығына арналған айтыста ерекше талантымен көзге түсіп, бас жүлде мен Н. Ахметбеков атындағы арнайы жүлдені жеңіп алған Нұрислам РАҒАТОВ республикалық айтысқа жолдама алған еді. Енді, міне, сол жыр сайысынан жүлдемен оралып отыр. Нұрисламды айтыс өнеріне баптап, шабытын шыңдап жүрген ағасы, әрі жетекшісі, өңірге танымал талантты ақын Айбар РАҒАТОВ екенін айта кетейік.